

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

4. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Павлодар,2010. – 400б.
5. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы.- Алматы: Рауан, 1991.- 211б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов.-Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
7. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 37-том. Батырлар жыры / томның редакция алқасы: С. Қосан, С. Қасқабасов, С. Қорабай.- Астана: Фолиант, 2006.- 538.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ (ҚАЗАҚ, ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНДЕ)

Шоқақова Тоты Әділбекқызы
adilbekovna_91@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 1-курс магистранты
Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Саркенова Қарлығаш Құрманғалиқызы

Түркі әлемі – адамзат өркениетінің алтын бесігі іспеттес. Түркі халқының бай мәдениеті мен терең тарихы бар. Бұл халықтардың тілі, тарихы, сонымен қатар, мәдениеті ортақ. Соның ішінде түркі халықтарын біріктіретін ең бастысы – оның тілі.

Түркі тілдес халықтар, этникалық топтар түркі халықтары деген ортақ атаумен аталады. «Туыстас тілдерді сөз еткенде, ең алдымен, тілдік туыстастық деген ұғым – арғы тегі бір төркіндес немесе бір негізден тараған, ортақ тілдік материалға (лексика, фонетика, грамматика) мұрагер болған тілдерге қолданылады» [1; 130]. Олай болса, түркі тілдерінің бір негізден тараған өзара туыстас тілдер екендігі олардың морфологиялық формалары мен синтаксистік тәсілдеріндегі бірліктен, дыбыстық жүйелері мен негізгі сөздік қорындағы бірлік пен жақындықтан байқалады. Түбі бір түркі халықтарының тілі бір ататілден тарағандықтан оларға ортақ сөздердің болуы да заңды құбылыс. «Түркі тілдеріне ортақ сөздерге бір кездегі жалпытүркілік көне лексикадан сақталып қалған, осы күнгі түркі тілдерінің бәрінде кездесетін сөздер жатады. Сондықтан олар жалпытүркілік сөздер деп те аталады. Жалпытүркілік сөздерден түркі тілдерінің туыстастығын, біртектен шыққандығын көреміз. Түркі тілдерінің туыстығы, сол тілдерде сөйлейтін халықтардың шыққан тегінің бір екендігіне байланысты» [2; 130]. Бұл пікірге сүйене отырып, түркі халықтарының түбі бір екендігін тағы бір мәрте дәлелдей түсетін ол ортақ сөздер немесе жалпытүркілік сөздер екендігін толық сеніммен айта аламыз.

Тілдерді туыстық деңгейі мен қалыптасу кезеңдеріне байланысты жіктеу қағидаларының негізгі лингвистикалық критерийлерін тілдің ішкі заңдылықтарын сипаттайтын фонетика-фонологиялық, морфонологиялық белгілер құрайды. Түркі тілдерін топтастырудың алғашқы қадамы Махмұд Қашқаридің еңбегінен бастау алатыны белгілі. Түркі тілдерінің сан алуан топтастыруларын саралай келе, түркі тілдерін топтастыруда генеологиялық принципті қолданған ғалым Т.Текиннің он екі топқа бөлген жіктемесі негізге алынды. Негізінен фонетикалық принципке сүйенген ғалым алты түрлі дыбыс алмасуын басты критерий етіп алған. Жіктеме бойынша түркі тілдері он екі топқа бөлінген. I топ – чуваш тілі; II топ – халадж тілі; III топ – якут тілі; IV топ – тува, қарағас тілдері; V топ – үш микротопқа бөлінген: 1-топ – хакас тілі; 2-топ – орта чулум, марас, жоғары топ тілдері; 3-топ – сары ұйғыр тілі; VI топ – алтай тілінің солтүстік диалектісі, кондон, төменгі топ тілдері; VII топ – алтай тілінің оңтүстік диалектісі; VIII топ – қырғыз тілі; IX топ – екі микро топқа бөлінген: 1-топ – өзбек тілі; 2-топ – жаңа ұйғыр тілі; X топ – үш микро топқа бөлінген: 1-топ – а)қазақ, қарақалпақ тілдері; ә)ноғай және қарақалпақ тілдерінің халич диалектісі; 2-топ – а)татар тілі; ә)башқұрт тілі; 3-топ – а)барабин татарларының тілі; ә)қарашай-балқар, қырым татар тілінің солтүстік диалектісі, б)өзбек тілінің хорезм диалектісі; в)қарайым тілінің таракай диалектісі; г)қырым татар тілінің оңтүстік диалектісі; д)құмық тілі; XI топ – салар тілі; XII топ – төрт микротопқа бөлінген: 1-топ – а)түрікмен тілі; ә)хорасан диалектісі; 2-топ

– өзбек тілінің хорезм-оғыз диалектісі; 3-топ – әзербайжан тілі; 4-топ – а) түрік тілі; ә) гагауыз тілі [3; 299]. Жіктеме бойынша VIII-топтан қырғыз тілі, X-топтың 1-ші микротобына енген қазақ тілі, XII-топтың 4-ші микротыбының құрамындағы түрік тілдеріне ортақ сөздердің лексикографиялануы талданбақ. Атап өткеніміздей, түрік тілдеріне ортақ сөздер жалпытүркілік көне лексикадан сақталып қалған сөздер. Бұл ортақ сөздерді мағыналық топтарға жіктеушілік те бар. Атап айтсақ, Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев түрік тілдеріне ортақ сөздердің 11 мағыналық топтарын көрсеткен.

- 1) Адамның дене мүше атаулары: бас, құлақ, көз, тіл т.б.;
- 2) Мал атаулары: ат, бие, түйе, қой бота т.б.;
- 3) Туыстық атаулар: ата, ана, аға, қыз, ұл, құда т.б.;
- 4) Жан-жануар, жәндік атаулары: қоян, түлкі, аю, бөрі т.б.;
- 5) Табиғат құбылыстарының атаулары: жел, су, ағаш, күн, таң т.б.;
- 6) Түр-түс, сапа-сынды білдіретін атаулар: ақ, көк, қызыл, ащы, тәтті т.б.;
- 7) Сан есімдер: бір, екі, үш, төрт, бес т.б.;
- 8) Есімдіктер: мен, сен, ол біз т.б.;
- 9) Қимыл атаулары: кел, бар, өт т.б.;
- 10) Үстеулер: ерте, ілгері, жоғары т.б.;
- 11) Шылау сөздер: немесе, үшін, мен, және т.б.

Бұл жіктемеде берілген жалпытүркілік сөздердің көпшілігі сөздік қорға тән екендігі анық байқалады.

«Қазіргі түрік тілдерінің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы дыбыстық жүйесі негізінен көне түрік тілінде қалыптасқан. Түрік тілдері ортақ лексика бастауын ата түрік тілінен алып жалпы түркілік қабат құрғанымен мағыналық бір тектілікті сақтай отырып, өзара дыбыстық, морфологиялық өзгерістерге ұшыраған [4; 82]. Жалпытүркілік сөздердің басым көпшілігінде мағыналық бір тектілік сақталғанын, тек аздаған дыбыстық өзгерістерге ұшырағанын қазақ, түрік, қырғыз тілдеріне ортақ сөздердің сөздікте берілуін, атап айтқанда, адамның дене мүшелері, жан-жануарлар атауларының сөздікте берілуін талдау арқылы көруге болады.

Қазақ тіліндегі **ауыз** сөзі түрік тілінде **ağız**, қырғыз тілінде **ооз**. Қазақ тілінде ауыз – ас (азық) қорыту жүйесі бас бөлімінің алдыңғы бөлігі деген мағынаны білдірсе, түрік тілі мен қырғыз тіліндегі мағынасы да дәл сондай. Мысалы түрік тілінде: *ağzi yantak* – аузы күйе; *ağzına su damlatmak* – аузына су тамызу т.б. Немесе қырғыз тілінде: *оозуң кайсы десе мурдун көрсөтөт* – аузың қайсы десе, мұрнын көрсетеді; *кызыл ооз ат* – қызыл ерінді ат т.б. [5; 571] Қазақ тілінде ауыз сөзі ауыспалы мағынада қолданылады. Сол сияқты түрік тілі мен қырғыз тілдерінде де ауыспалы мағынада жұмсала береді екен. Мәселен, *қаптың аузын байлау* – *çivalın ağzını bağlamak*; *бөтелкенің аузын ашу* – *şişenin ağzını açmak*; *аузы аңқайып қалу* – *ağzi açık kalmak*. [6; 36] Бұл түрік тілінен алынған мысалдар болса, қырғыз тілінде келесідей қолданыстар бар: *кош ооз мылтык* – қос ауызды мылтық; *оозунда беи ооз сөзү жок* – екі сөздің басын да құрай алмайды; *оозу таи капты* – үндемей қалды т.б. [5; 572] Қазақ тіліндегі дыбысталуы [ауыз] болса, түрікше [аыз], қырғызша [ооз] деп айтылады.

Жүрек сөзі түрік тілінде **yürek** немесе **kalp**, қырғыз тілінде **жүрөк** Жүрек сөзінің қазақ тіліндегі мағынасына түрік тілінің мағынасы сай келеді. Яғни, жүрек – кеуде қуысының сол жағына таман іші қуыс **бұлшықетті** мүше. Қырғыз тілінің түсіндерме сөздігінде де жүрек сөзіне осыған мағыналас түсініктеме берілген: **жүрөк** – адамдардың, жаныбарлардың сол жаск көөдөнүндөгү бұлчуңдуу бацтыкча түрүндөгү кандын айланышын тейлеп турган борбордук орган. [7;151] Аталған тілдерде бұл сөздің дыбысталуында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Жүрек сөзіне қатысты қолданыстар келесідей: *жүрегі аузына тығылу* – **yüreği ağzına gelmek**; *жүрөгү оозуна тығылды*.

Қазақ тілінде **қол** сөзі түрік тілінде **el** немесе **kol**, қырғыз тілінде де **кол**. Түрік тіліндегі екі нұсқаның да қазақ тіліндегі **қол** сөзімен мағыналары пара-пар. Нақтырақ айтсақ, қазақ тіліндегі адамның ұстауға бейімделген, саусақтар орналасқан мүшесі дегенді білдіреді. Дыбысталуы тек екінші нұсқамен ғана сәйкеседі. **El** сөзі қатысқан қолданыстарға мысал

келтірсек: *el bezi* – қол орамал; *elini cebine atmak* – қолын қалтаға салу т.б. Ал қазақ тіліне дыбысталуы мен мағынасы жағынан бірдей болып келетін нұсқасы қатысқан қолданыстар келесідей: *kol saati* – қол сағаты, *koluna girmek* – қол астына алу; *kol burmak* – қолын бұрау т.б. [6; 283] Алайда сөздіктен аңғарылатыны түрік тілінде *kol* сөзіне қарағанда *el* сөзі қатысқан тілдік қолданыстар, яғни, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер не болмаса түйдекті тіркестер көбірек мысалға алынған. Қырғыз тілінің сөздігінде де **кол** сөзіне – *адамдын эки ийнинен баштап, манжаларынын учуна чейинки мүчөсү* деген түсініктеме беріле отырып, мына мысалдар келтірілген: *кол алыш* – қол алысу; *кол тий* – қол тию, *кол башчы* – қол басшы; *кол кабыш кылу* – қол қабыс болу т.б. [5;395]

Аяқ сөзі түрік тілінде **ayak**, қырғыз тілінде **аяк**. Бұл сөз де үш тілге ортақ мағыналы сөз. Сонымен қатар үш тілде де бірдей дыбысталады. Үш тілде де бұл сөздің тура мағынада қолданылуы, қазақ-түрік тілдерінде: *аяқ киім кию* – *ayağını giymek*; *аяғына шақ* – *ayağına iyi oturdu*; *ayakta* – *аяқта* т.б. [8; 38] Қазақ-қырғыз тілдерінде: *аяғын тазалап* – *аяғын тазалап*; *көп басқан аяқ* – *көп башқан аяк* т.б. Ауыспалы мағынада келген сөз тіркестеріне келесідей мысалдар келтіруге болады, қазақ-түрік тілдерінде: *оқу жылының соңы* – *eğitim öğretim yılının sonu*; *үстелдің аяғы* – *masanın ayağı*; *қарсыласу* – *ayak diremek*; *ayaqları dolaşmak* – *аяққа оралу* т.б. Қазақ-қырғыз тілдерінде: *аяғы аспанға шығу* – *аяғы асманға чыгу*; *соңында, аяғында* – *аяғында*; *кеш мезгілінде* – *эл аяғы сууганда* т.б. [5; 86]

Мал, жан-жауарлар атаулары қатарында да жалпытүркілік сөздер өте жиі кездесетіні байқалады. Түрік және қазақ тілдеріне ортақ болып келетін жан-жануарлар атауларының сөздікте берілуі төмендегідей.

Тіліміздегі **балық** сөзінің берер мағынасы – суда өмір сүруге бейімделген жануарлар екені анық. Түрік тіліндегі **balık** сөзінің де, қырғыз тіліндегі **балык** сөзінің де мағынасы осы. Тіпті дыбысталуында да өзгешелік жоқ. Бұл сөзге қатысты сөздіктердегі қолданыстарды атар болсақ: *балық майы* – *balık yağı*; *балық аулау* – *balık avlamak* т.б. Сондай-ақ, екі тілді орысша-түрікше сөздікте балық сөзіне қатысты көптеген тілдік қолданыстар мысалға келтірілген: *істің ақырына жету* – *balığın bel kemiğini bulmak*; *балық ауға түскен соң ғана ақылды болар* – *balık ağa girdikten sonra akli başına gelir*; *балық басынан бүлінеді* – *balık baştan kokar* т.б. [6;56] Қырғыз тілінің сөздігінде берілген сөйлемдер: *Таза абада, чоң суунун боюнда балык уулап жүрүү кандай сонун. Балыгы сууда чалкыган, Куулалары көлдө калкыган.* [5; 125]

Қазақ тілінде **қасқыр** сөзі – жыртқыш аң атауы. Тілімізде бұл аң түрінің өзге де атауы бар. Ол – **бөрі**. Түрік тілінде де бұл аңның екі атауы бар. Бірі – **kurt**, екіншісі – **börü**. Ал қырғыз тілінде **карышкыр** және **бөрү**. Біздің тілімізде қасқыр сөзі жиірек қолданылады. Ал бөрі сөзі ол қасқырдың жағымды атауы. Бұл сөздің сирек қолданылуы да содан болар. Түрік халқында **börü** сөзіне қарағанда **kurt** сөзі көбірек қолданылуы мүмкін. Оған себеп, түрік тіліне арналған сөздіктерде қасқыр сөзінің аудармасы ретінде **kurt** сөзі жиі кездеседі. Сонымен қатар, **kurt** сөзі *білгір, білгіш, қу* мағыналарында жұмсалады. Мысалы: *O, bu işin kurdudur* – *Ол бұл істің шебері*; *Ne kurttur o, ben bilirim* – *Оның қандай жылпос екенін мен білемін.* [8; 509] Тек кей сөздіктерде ғана **börü** сөзін кездестіре аламыз. Бірақ, қазақ тіліндегі **бөрі** мен түрік тіліндегі **börü** сөздері түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ пен түрік тілдеріне ортақ сөз болып табылады. Үш тілде де бөрі сөзі әрі дыбысталуы әрі мағынасы жағынан сәйкес.

Киік сөзі жұптұяқты түз жануарының атауы. Және тілімізде бұл сөздің өзге берер мағынасы да жоқ. Түрік тілінде де **geyik** сөзі бар. Қырғыз тілінің сөздігінде **кийик** – *аркар, кулжа, элик, бөкөн, бугу эчки сыяктуу жсапайы аңдардын жалпы аты* деп берілген [7; 201]. Яғни аталған сөз үш тілге де ортақ. Дыбысталуы да ұқсас. Мысалы: *киік мүйізі* – *geyik nuzu*; *киік аулау* – *geyik avı*, *geyik boynuzu* – *бұғы мүйізі, діші geyik* – *аналық бұғы* т.б. Алайда сөздіктерде түрік тілінде *geyik* сөзінің «*көмекші*» ретіндегі мағынасы да берілген. Оны мына қолданыстардан аңғарамыз: *geyik etine girmek* – *есею, балигатқа толу, кәмелетке жету.* [8; 314] Ал қырғыз тілінде мынадай қолданыстар кездеседі: *мергендер тилейт кийикти,*

кийиктер тилейт бийикти – мергендер киікті іздейді, киік биікті іздейді; кара кийик – доңыз; қызыл кийик – тау ешкі т.б. [5; 385]

Қазақ тілінде **ат** сөзі жылқының көлік немесе жүк тасымал ретінде пайдалану үшін қолға үйретілген түрі екені белгілі. Бұл сөздің түрік және қырғыз тілдерінде де жұмсалыу мағынасы дәл осы. Түрік тілінде **at**, қырғыз тілінде **ат**. Үш тілде де дыбысталуында еш айырмашылық жоқ. Түрік тілінде *atı arabaya koşmak* – *атты жегу*; *at başını çekmek* – *ат басын тарту*; *at oğlanı* – *жылқышы*; *atla gitmek* – *атқа мініп жүру*; *at kılı* – *ат қылы т.б.* [8; 388] Ал қырғыз тілінде **ат** сөзі қатысқан дәл қазақ тіліндегідей қолданыстар бар. Мысалы: *ат салыш* – *ат салысу*; *ат* – *эрдин канаты* – *ер қанаты ат*; *ат үстүнөн* – *ат үсті (үстіртін) т.б.*

Аталған сөздер үш тілде түр-тұрпақты жағынан сәл өзгешеліктері болғанымен, мән-мағынасы жағынан көбінесе үйлес. Тіпті кей сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер дыбысталуы, синтаксистік құрылысы, мағынасымен сәйкес келеді. «Барлық түркі тілдері ортақ генетикалық және типологиялық белгілерімен сипатталатын туыстас тілдер тобын құрайды. Түркі тілдерінің туыстастығы олардың грамматикалық құрылысынан, сөздік қорынан аңғарылады. Тілдердің бір-бірінен сәл ғана ажыратылатын сөздік қоры, фонетикалық ұқсастықтары (чуваш пен якут тілдерінен басқа), ортақ грамматикалық құрылысы түркі тілдерін иеленушілерге олардың тараған барлық аймақтарында, Шығыс Еуропа мен Кавказдан Орталық Азия мен Сібірде, бірін-бірі жеңіл түсінуге де мүмкіндік береді». [9;84] Бұл пікірге сүйенсек, шынымен де жоғарыда талданған сөздерден түркі тілдеріне ортақ сөздердің ұқсастықтарын анықтай отырып, түркі халықтарының өзара түсінісуіне, пікір алмасуына немесе бірінің тілін бірі меңгеруіне өте қолайлы. Түркі тілдеріндегі мұндай ұқсастық бұл халықтардың негізі бір туыстас халықтар екендігін дәлелдей түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов С. Түркі филологиясы және жазу тарихы
2. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
3. Түймебаев Ж., Ескеева М. Түркітанудағы тарихи-лингвистикалық негіздері. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2015. – 516 б.
4. Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 420 бет.
5. Киргизско-русский словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1965
6. Коч К., Байниязов А., Башкапан В., Қазақша-түрікше сөздік. – Түркістан: Тұран, 2003, 637 б.
7. Қырғыз тілінің түсіндірме сөздігі 1-том. – Фрунзе: Мектеп, 1984
8. Байниязов А.Ж., Байниязова Ж.Т., Түрікше-қазақша сөздік. – Алматы, 2007, 808 б.
9. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – 383 б/